

«№58 «Балауса» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
Хаттама №1
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы.

12.01.2024 ж.

қатысты: 20 педагог

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2023 жылғы жұмыс қорытындылары туралы.
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын 2024-2027 күнтізбелік жылға бекіту.
3. Педагогикалық әдеп кеңесінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
4. МДҰ сайтында педагогикалық әдеп кеңесі отырыстарының материалдарын орналастыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Джауметова Рахат Нуртаевна, кеңес мүшелерін 2023 жылға арналған жұмыс жоспарының іске асырылуына есеп берді. 2023 жылы 3 отырыс өткізілгенін атап өтті, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысына баға берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директор м.а. С.Сейдалиева, кеңес мүшелерін кеңес жұмысын ұйымдастырудың бекітілген Үлгілік ережелерімен және кеңес мүшелерін сайлау тәртібімен таныстырды, педагогикалық әдеп бойынша бұрынғы құрамды өзгерту туралы ұсыныс жасады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директор м.а. С.Сейдалиева 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын қарастыруды, түзетулер енгізуді, педагогикалық әдеп кеңесінің жұмысы бойынша ұсыныстар енгізуді ұсынды.

Педагогикалық кеңес жөніндегі кеңестің төрайымы **Р.Джауметова** педагогикалық кеңестің негізгі бағыттарын, кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктерін айқындады. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болатынын айтты.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директор м.а. С.Сейдалиева, бөбекжайдың вебсайтында педагогикалық әдеп кеңесі отырыстарының материалдарын орналастыруға назар аударды.

Сөз сөйлегендер:

Әдіскер М.Уразбекова педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы бойынша көптеген қызықты материалдар, балдармен тәрбие жұмысы, республикалық атаулы күндеріне арналған ұжыммен іс-шаралар көп жүргізілетінін, осы шараларды бөбекжайдың әлеуметтік желілеріне орналастыру, тәжірибемен бөлісу және басқа педагогикалық ұйымдардың тәжірибесін қабылдау қажет екенін айтты.

Шешім:

1.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің 2023 жылғы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. Жұмыста педагогикалық әдеп қағидаларын ұстану.

2.Ұсынысты ең көп дауыс санымен қабылдау, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелеріне төмендегі педагогтер сайлансын, атап айтқанда:

Кеңес төрайымы-Р.Джауметова (тәрбиеші)

Кеңес мүшелері:

-Г.С.Жилгельдина (Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Оқу-әдістемелік орталығы» КММ әдіскері)

-А.Абдикеримова(кәсіподақ мүшесі)

-А.А.Мукашева (қазақ тілі мұғалімі)

-З.К.Айтымова(тәрбиеші)

-Ж.К.Дуйсенбаева(тәрбиеші)

-А.Нурболатова(тәрбиеші)

Кеңес хатшысы:

-Л.К.Нусупканова.

3.Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын қабылдау, белсенділік, тілектестік білдіру. Педагогикалық әдептің негізгі бағыттары, кеңес жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары назарға алынсын. Өз қызметін педагогикалық әдеп кеңесінің нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырсын.

4.Педагогикалық әдеп кеңесі отырыстарының материалдарын орналастыруға жауапты адам бекіту.

Жауапты: Л.К.Нусупканова педагогикалық әдеп кеңесі хатшысы.

Төрайымы:



Р.Джауметова

Хатшы:



Л.К.Нусупканова